Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар мен қандастарды қоспағанда, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, *шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар жарналарды төлеушілер болып табылмайды.*

Заңның 28 – бабы 1 – тармағаны сәйкес жарналарды төлеуден келесі тұлғалар босатылған:

- 1) балалар;
- 2) жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;
- 3) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
- 4) бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам (баланың заңды өкілдерінің бірі);
- 5) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;
- 6) мүгедектігі бар балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар;
- 6-1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар;
- 7) зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 8) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдар;
- 9) тергеу изоляторларындағы адамдар;
- 10) жұмыс істемейтін қандастар;
- 11) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- 12) мүгедектігі бар адамдар;
- 13) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар;
- 14) жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- 15) әскери қызметшілер;
- 16) арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері;
- 17) құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін аударымдар төлеуден босатылады.

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке кіреді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000421>

1. Амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде профилактикалық қарап-тексерулерді қоспағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және кезеңділікпен профилактикалық медициналық қарап-тексеру;

(«Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығы)

2) бейінді мамандардың қабылдауы және консультация беруі, сондай-ақ елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына әкелетін аурулар кезінде және оларға күдік туындаған жағдайларда үйдегі мобильдік бригада көрсететін қызметтер;

3) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және кезеңділікпен бейінді мамандардың созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық бақылауы;

(«Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығы.)

4) уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсету;

(«Халықтың шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек алуға жататын жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 бұйрығы)

Шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекке жататын халықтың жекелеген санаттарының тізбесі:

1) 18 жасқа дейінгі балалар;

2) жүкті әйелдер;

3) Ұлы отан соғысының ардагерлері;

4) 1, 2, 3 топтағы мүгедектер;

5) «Алтын алқа», «күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар;

6) атаулы әлеуметтік көмек алушылар;

7) жасы бойынша зейнеткерлер;

8) инфекциялық, әлеуметтік мәні бар аурулармен және айналадағылар үшін;

9) мүгедек баланы күтіп-бағуды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар;

10) бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар.

5) диагностикалық көрсетілетін қызметтер, оның ішінде зертханалық диагностика;

*Диагностикаға пациенттің жан-жақты және жүйелі зерттелуіне негізделген, оған анамнез жинау, ағзаның жағдайын объективті зерттеу, қанды зертханалық зерттеу нәтижелерін және әртүрлі секрецияларды талдау, рентгенологиялық зерттеулер, графикалық әдістер, эндоскопия, биопсия және басқа әдістер кіреді.

6) уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша рәсімдер мен манипуляциялар;

(«Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген емшаралар мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығы)

Клиниканың МӘМС пакеті шеңберінде медициналық қызметтердің барлық спектрін көрсетуге арналған шығыстары таңдалған медициналық ұйым МӘС қорымен келісімшарт жасасқан жағдайда ғана сақтандыру қаражатынан толық жабылатынын **есте сақтау маңызды.**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін пайдалану үшін емханаға тіркелу қажет!

Тіркелудің үш жолы бар:

- Egov.kz порталы арқылы;
- Telegram-бот @Kenes1414Bot;
- Емхана.

Маңызды!!! медициналық ұйымның міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен келісімшарты болған жағдайда ғана сақтандыру қаражатынан толық өтеледі!

Халықтың декреттелген тобын гигиеналық оқыту және оны жүргізу тәртібі

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 96-бабы 1-тармағына сәйкес Халықтың декреттелген тобын гигиеналық оқыту – инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулардың профилактикасы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер (объектілерді күтіп-ұстау, пайдалану және орналастыру, жеке және қоғамдық гигиенаны сақтау) бойынша білімалушылардың кәсіптеріне сәйкес оқыту болып табылады.<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360>

Гигиеналық оқытуға жататын халықтың декреттелген тобының тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайды.

Осылай, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-268/2020 бұйрығымен гигиеналық оқытуға жататын халықтың декреттелген тобының Тізбесі бекітілген.
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021812>

Көрсетілген Тізбеге сәйкес, **білім беру объектілеріндегі қызметкерлер (жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарының мұғалімдері; балалар мен жасөспірімдер тұратын білім және тәрбие беру объектілерінің барлық түрлерінің бастауыш сыныптарының мұғалімдері, тәрбиешілері мен тәрбиешінің көмекшілері; техникалық персонал) балаларды сауықтыру (жыл бойы, маусымдық) ұйымдарындағы және шипажай объектілеріндегі қызметкерлер, барлық түрлердегі (үлгідегі) мектепке дейінгі ұйымдардың және балалар үйлерінің қызметкерлері** халықтың декреттелген тобының тізбесіне кіреді және гигиеналық оқытуға жатады.

Гигиеналық оқытуға жататын халықтың декреттелген тобының тізбесі ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-195/2020 бұйрығымен бекітілген «Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларымен» (бұдан әрі -Қағида) айқындалатын халықтың декреттелген топтарын гигиеналық оқыту бағдарламаларына сәйкес қалыптасады.

Қағиданың 3 және 4 тармақтарына сәйкес, халықтың декреттелген тобының адамдары **жұмысқа түру кезінде бастапқы және одан әрі жылына бір рет кезеңділікпен** гигиеналық оқытылуға жатады.

Халықтың декреттелген тобының гигиеналық оқыту бойынша оқыту өндірістен қол үзіп жүргізіледі.

Халықтың декреттелген тобының гигиеналық оқытуы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес халықтың декреттелген топтарын гигиеналық оқыту бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

Халықтың декреттелген тобының гигиеналық оқыту бойынша қызметті «гигиена және эпидемиология» мамандығы бойынша медициналық білімі бар

жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардың өкілдері жүзеге асырады (Қағиданың 5 т.).

Кодекстің 96-бабы 2-тармағына сәйкес гигиеналық оқыту үшін ақы төлеуді декреттелген адамдар дербес не тараптардың келісімі бойынша жұмыс беруші жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Салалық деңгейде білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 10.15 тармағына сәйкес жұмыс беруші өз қаражаты есебінен білім беру ұйымы қызметкерлерінің қатарынан декреттелген топ тұлғаларын гигиеналық оқытуды жүзеге асыруға міндеттенеді.

ҚР Еңбек кодексінің 154-бабының 2 және 7-тармақтарына сәйкес Салалық келісімнің күші тиісті қызмет саласының мемлекеттік органдарына, тиісті саланың жұмыс берушілеріне, жұмыскерлеріне және олардың өкілдеріне қолданылады, сондай-ақ келісімнің талаптарын бұзуы немесе орындамауы ҚР заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Осылайша, аталған Келісімнің нормаларын орындау білім беру саласының барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Гигиеналық оқытудан өткеннен кейін гигиеналық оқытуды жүргізетін жеке және заңды тұлғалар бекітетін тестілік сұрақтар түрінде емтихан өткізіледі (Қағиданың 12 т.).

Оң нәтиже болғанда Қағиданың 14 тармағына сәйкес нысан бойынша жеке медициналық кітапшаға гигиеналық оқыту нәтижелерін енгізу үшін мөртабан түрінде белгі қойылады.

Содан гигиеналық оқыту бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша гигиеналық оқыту жөнінде ақпарат ұсынады.

Кодекстің 96-бабы 3-тармағына сәйкес, халықтың декреттелген тобына гигиеналық оқытуды жүргізудің сапасын бақылауды мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары:

1) қызметінің басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарламаларды мониторингтеу;

2) гигиеналық оқытуды жүргізу тәртібі мен бағдарламасының сақталуын тексеру;

3) тексерулер, профилактикалық бақылау мен қадағалау барысында декреттелген топқа жататын адамдардың білімін тексеру арқылы жүзеге асырады.

Осылайша, білім беру объектілеріндегі қызметкерлер (жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарының мұғалімдері; балалар мен жасөспірімдер тұратын білім және тәрбие беру объектілерінің барлық түрлерінің бастауыш сыныптарының мұғалімдері, тәрбиешілері мен тәрбиешінің көмекшілері; техникалық персонал) балаларды сауықтыру (жыл бойы, маусымдық) ұйымдарындағы және шипажай объектілеріндегі қызметкерлер, барлық түрлердегі (үлгідегі) мектепке дейінгі ұйымдардың және балалар үйлерінің

қызметкерлері гигиеналық оқытудан өтуге міндетті. Келісім нормаларына сәйкес жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы (бұдан әрі-тұжырымдама) Конвенция (№ 187) және ұсынымдар (№ 197) талаптарына сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі ұлттық бағдарламаны әзірлеу және іске асыру мақсатында ҚР Премьер-Министрінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы тапсырмасы бойынша әзірленді, оған сәйкес әрбір ел Үкімет пен әлеуметтік әріптестердің бірлескен күш-жігері шеңберінде еңбекті қорғаудың тиімді ұлттық жүйесін әзірлеуге тиіс.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес тұжырымдама еңбекті қорғау саласының дамуын (ұзақ мерзімді кезеңге) айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады, ағымдағы ахуалды талдауды және түйінді проблемаларды, халықаралық тәжірибеге шолуды, даму үрдістері мен пайымдауын қамтиды, дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін, күтілетін нәтижелерді, сондай-ақ тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын айқындайды.

Жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған тұжырымдамалық құжатты әзірлеу және мемлекеттік деңгейде қолданысқа енгізу осы мәселенің басымдығы мен стратегиялық маңыздылығын растайды және тұтастай алғанда лайықты еңбектің негізгі факторы ретінде қауіпсіз еңбекті жариялайды. Осы Тұжырымдаманы әзірлеу кезінде халықаралық стандарттар, ұсынымдар мен тәжірибелер ескерілді.

Тұжырымдама жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін еңбекті қорғауды басқарудың тәуекелге бағдарланған ұлттық жүйесін дамыту мақсатында әзірленген.

Осы мақсатқа қол жеткізу шеңберінде 2030 жылға қарай Тұжырымдаманың негізгі 4 міндеті айқындалды:

Тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғауды басқарудың ұлттық жүйесін жаңғырту қажет.

Кәсіптік тәуекелді азайту жөніндегі шараларды экономикалық ынталандыру.

Еңбекті қорғау саласындағы кәсіби құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту.

Еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру.

Тұжырымдаманы іске асыру барысында еңбекті қорғаудың мынадай сандық және сапалық көрсеткіштері негізінде айқындалатын оң өзгерістер мен нысаналы мәндерге қол жеткізу күтіледі:

1. Еңбекті қорғауды басқарудың ұлттық жүйесін жаңарту коэффициенті.

Бұл көрсеткіш еңбекті қорғау мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық базаны (тұжырымдаманы іске асыру көзделетін нормативтік-құқықтық құжаттар тізбесінде көрсетілген) 2020 жылға қатысты 2030 жылға қарай тәуекелге бағдарланған тәсілді енгізу бөлігінде жаңарту үлесін 100%-ға сипаттайды;

2. Жасырын өндірістік жарақаттану деңгейі.

Бұл көрсеткіш өлімге әкелмейтін өндірістік жарақаттар туралы есептілікті жасыру деңгейінің индикаторы болып табылады. Ол зардап шеккендердің жалпы санының еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар салдарынан қаза тапқандар санына қатынасы ретінде есептеледі. Жарақаттардың жалпы санының 2020 жылға қатысты 2030 жылға қарай 25:1 шегінде 2020 қайтыс болу жағдайына қатынасына қол жеткізуді көздейді.

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйінің мемлекеттік мониторингі жүйесінде қауіпсіз еңбек индикаторларын жаңарту коэффициенті.

Бұл көрсеткіш республикадағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйінің мемлекеттік мониторингі жүйесін реформалау шеңберінде 2020 жылға қарағанда 2030 жылға қарай 40% - ға статистикалық көрсеткіштерді жаңарту үлесін сипаттайды;

2030 жылға қарай күтілетін нәтижелер:

Нысаналы индикаторларды іске асыру мақсатында мынадай күтілетін нәтижелер айқындалды:

1. Тексерілгендер қатарында зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің үлес салмағын 2030 жылға қарай 15% - ға дейін төмендету;

2. 2030 жылға қарай 1000 жұмысшыға шаққанда өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккендер санын 0,24-ке дейін төмендету;

3. Еңбек заңнамасының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы санына еңбекті қорғау саласында анықталған бұзушылықтар үлесін 2030 жылға қарай 15% - ға дейін төмендету.

Тұжырымдама іс-шараларын іске асыру үш кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең (2022-2024 жж.) Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған тұжырымдамалық міндеттердің негізгі іс-шараларын іске асыру үшін ғылыми, әдістемелік және нормативтік-құқықтық негіз дайындау бойынша белгіленген іс-шараларды іске асырумен байланысты.

Екінші кезең (2025-2027 жж.) қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің қолданыстағы тетіктерін реформалау және түрлендіру сипатындағы бірқатар іс-шараларды іске асыру кезеңімен белгіленген.

Үшінші кезең (2028-2030 жж.) еңбекті қорғауды басқарудың ұлттық жүйесінің тәуекелге бағдарланған модельге көшуі бойынша түпкілікті өзгерістер енгізілетін соңғы кезең ретінде белгіленді. Бұл кезеңде іс-шараларды іске асырудың тиімділігін бағалау, саланы дамытудың жаңа жолдарын белгілеу жоспарлануда.

Тұжырымдама жобасын әлеуметтік әріптестермен, сарапшылар қауымдастығымен, салалық мемлекеттік органдармен және бизнес құрылымдар өкілдерімен талқылау бойынша жұмыс тобының бірқатар отырыстары өткізілді, олардың нәтижелері бойынша жұмыс тобы тұжырымдама жобасын әзірледі.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының техникалық еңбек инспекциясы туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының техникалық еңбек инспекциясы (әрі қарай – Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы) жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің еңбекті қорғау туралы заңнаманы қадағалауына, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының мүшелері (әрі қарай – кәсіподақ мүшелері) жұмыс жасайтын және (немесе) білім алатын ұйымдардағы ұжымдық шарттардың, келісімдер шарттарының орындалуына қоғамдық кәсіподақ бақылауын жүзеге асыру үшін құрылатын Кәсіподақтың ішкі құрылымы болып табылады.

1.2. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, ҚР Еңбек кодексін, ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының өзге заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Жарғысын (әрі қарай – Кәсіподақ Жарғысы), сондай-ақ Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының жарғыларын басшылыққа алады және осы Ереженің негізінде әрекет етеді.

Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы өз жұмысын еңбекті қорғауға кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету кезінде еңбек жағдайлары, еңбекті қорғауды өздерінің бағалау заңдылығы, тәуелсіздігі принциптерінде құрады.

1.3. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы мемлекеттік еңбек инспекциясымен тығыз байланыста өндірістік кеңестің құрамында еңбекті қорғау туралы заңнаманы қадағалауға қоғамдық бақылауды жүзеге асырады.

II. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының ұйымдастырушылық құрылымы

2.1. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының қызметін жалпы басқаруды Кәсіподақтың Орталық комитеті, ағымдағы басқаруды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне жетекшілік ететін кәсіподақ төрағасының орынбасары өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады.

2.2. Кәсіподақ ұйымдарында әрекет ететін Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы қызметін басқаруды Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының тиісті сайланбалы органдары жүзеге асырады.

2.3. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторынан, мүшелік ұйымдардың мамандарынан, сала кәсіпорындары мен мекемелерінің техникалық еңбек инспекторларынан тұрады.

2.4. Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторы Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының штаттық қызметкері болып табылады.

2.5. Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторы тікелей Кәсіподақ төрағасының орынбасарына бағынады, өз құзырлығы шегінде кәсіподақ органдарымен қабылданған шешімдерді орындайды.

2.6. Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторының лауазымына жоғары заңгерлік немесе жоғары техникалық білімі бар тұлға тағайындалады.

2.7. Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторы:

- Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы қызметін тікелей ұйымдастырушылық және әдістемелік басқару, оның қызметі туралы ақпараттандыру;

- Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторларының жұмысын үйлестіру, оларға жүктелген міндеттерді орындауға жәрдемдесу;

- Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторларымен қабылданған шешімдердің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне бақылауды жүзеге асыру;

- еңбекті қорғау жөніндегі Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының қызметін бақылауға қатысты Кәсіподақтың басқарушы органдарының ұсыныстары бойынша жүзеге асырылатын тексерулерді ұйымдастыру және оларға қатысу;

- ҚР КФ-на Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясы туралы есептік ақпаратты ұсыну және оның қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

- Кәсіподақтың Орталық комитетінің жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын оқуды өткізу туралы ұсыныстар әзірлеу;

- еңбекті қорғау жөніндегі қызметтің түрлі бағыттары бойынша Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының статистикалық деректерін зерттеу мен талдау;

- еңбекті қорғау туралы заңнаманы қадағалауға қоғамдық кәсіподақ бақылауын жүзеге асыру жөніндегі Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторларының жұмыс тәжірибесін талдап қорыту жөніндегі қызметті орындайды.

2.8. Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторы лауазымына Кәсіподақ төрағасымен тағайындалады және босатылады.

2.9. Кәсіподақтың Орталық комитеті, Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары Кәсіподақтың Атқару Комитетімен бекітілген штаттық құрылымдар нормативтері мен құрамы жөніндегі нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып, техникалық еңбек инспекторларының штаттық санын өз еріктерімен анықтайды.

2.10. Кәсіподақтың мүшелік ұйымының төрағасы штаттық техникалық еңбек инспекторларын лауазымға тағайындау және лауазымдарынан босату

туралы міндетті түрде апталық мерзімде Кәсіподақтың Орталық комитетіне хабарлайды.

2.11. Мүшелік ұйымның техникалық инспекторы (еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі бас маман):

- мүшелік кәсіподақ ұйымының құрамына кіретін бастауыш кәсіподақ ұйымдарының техникалық инспекторларының қызметін әдістемелік басқаруды жүзеге асырады;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының өндірістік кеңестері мен техникалық инспекторларының қызметі туралы ақпаратты жинайды және талдап қорытады;

- бастауыш кәсіподақ ұйымдарының техникалық инспекторларын әзірлейді және оқытады;

- Кәсіподақтың Орталық комитетіне есептердің уақытында және толық берілуін қамтамасыз етеді;

- ведомстволық бағынышты ұйымдарда еңбекті қорғау ережелерінің қадағалануына жоспарлы тексерулерді жүзеге асырады;

- кәсіподақ ұйымының алқалы сайланбалы органдарының қарауына еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерін әзірлейді.

2.12. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторларымен қабылданған шешімдерге шағымдар Кәсіподақ ұйымының тиісті сайланбалы алқалы атқарушы органымен, қажет жағдайда Кәсіподақ ұйымында белгіленген тәртіпте Кәсіподақ ұйымының жоғары сайланбалы алқалы атқарушы органымен қаралады.

2.13. Кәсіподақтың бас техникалық еңбек инспекторымен қабылданған шешімдер бойынша келіспеушіліктер Кәсіподақ Төрағасымен немесе оның орынбасарымен қаралады.

III. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының негізгі міндеттері

3. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының негізгі міндеттері:

3.1. Кәсіподақ мүшелерінің таза және қауіпсіз еңбек жағдайларына, өмірлері мен денсаулықтарын сақтауға құқықтарын қорғау;

3.2. Жұмыс берушінің еңбек заңнамасын және еңбекті қорғаудың мемлекеттік талаптарынан тұратын өзге де нормативтік құқықтық актілерін қадағалауға қоғамдық кәсіподақ бақылауын жүзеге асыру;

3.3. Жұмыс берушілердің, олардың өкілдерінің, еңбекті қорғау жөніндегі заңнама нормаларын бұзушылыққа жол берген өзге де лауазымды тұлғалардың тараптарынан кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстармен мемлекеттік билік органдарына және жергілікті мемлекеттік басқару органдарына өтініштер әзірлеу;

3.4. Кәсіподақ мүшелеріне олардың еңбекті қорғауға құқықтарын жүзеге асыру мен қорғау мәселелері бойынша ақпараттық және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

IV. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының негізгі өкілеттіктері

4.1. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторларының өкілеттіктері:

4.1.1. Кәсіподақ мүшелері мен кәсіподақ ұйымдарының құқықтарын жұмыс берушілердің, олардың өкілдерінің және Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін бұзатын өзге де лауазымды тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен) қорғауды қамтамасыз ету;

4.1.2. жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, еңбек заңнамасын және еңбекті қорғау нормалары мен қауіпсіздік талаптарынан тұратын өзге де нормативтік құқықтық актілерді, кәсіподақтар туралы заңнаманы қадағалауына, олардың Кәсіподақ мүшелері жұмыс жасайтын ұйымдардағы ұжымдық шарттар мен келісімдердің шарттарын орындауына кәсіподақ бақылауын жүзеге асыру;

4.1.3. бірлескен тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ тиісті келісімдер аясындағы басқа да мәселелер бойынша мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен өзара әрекет жасау;

4.1.4. өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссия жұмысына қатысу, өндірістегі жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептерін, жазатайым оқиғаларды тексерудің толық және уақытында жүргізілуін талдау, тексеру тәртібі мен мерзімінің бұзылуын жою, Кәсіподақ мүшелерінің бұзылған еңбек және әлеуметтік құқықтарын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау;

4.1.5. кәсіподақтың тиісті сайланбалы алқалы органдарын еңбекті қорғау туралы заңнаманы, өндірістегі жазатайым оқиғадан міндетті әлеуметтік сақтандыруды бұзу фактілері туралы ақпараттандыру;

4.1.6. тиісті сайланбалы кәсіподақ органының қарауына еңбекті қорғау туралы заңнама нормаларын, өндірістегі жазатайым оқиғадан міндетті әлеуметтік сақтандыруды қадағалау, кәсіподақтық бақылау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

4.1.7. кәсіподақ активі мен жұмыс берушілер өкілдерінің қатысуымен қызметкерлердің өмірлері мен денсаулықтарына қауіп туындаған жағдайда олардың жұмысты орындаудан бас тарту жағдайларын тексеру;

4.1.8. жұмыс берушілер мен олардың өкілдерінің санитарлық нормалар мен ережелерді орындауын, еңбек жағдайларының еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігін, қызметкерлердің арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуін бақылау;

4.1.9. нұсқаулықтар, әдістемелік құралдар әзірлеу, еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану, өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша кеңес беру;

4.1.10. еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіподақ активін оқытуды және біліктіліктерін арттыруды ұйымдастыру және оған қатысу;

4.1.11. еңбекті қорғау жөніндегі білімді тарату және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы, өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік

сақтандыруды, өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру және есепке алу тәртібін қадағалау жұмыстарына қатысу;

4.1.12. өндірістік кеңестерде кәсіподақ ұйымдарының басшыларына, Кәсіподақ өкілдеріне еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша мекемелерге, кәсіпорындарға тексерулер жүргізу, ұжымдық шарт пен келісімдердің еңбекті қорғау бөліміне шаралар әзірлеу жөнінде әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету;

4.1.13. Кәсіподақ мүшелерінің және кәсіподақ ұйымдарының еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі арыздарын, шағымдарын және өзге де өтініштерін қарау, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын бұзушылықты жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау болып табылады.

4.2. Мүшелік ұйымның техникалық еңбек инспекторы кәсіподақ мүшелерінің еңбекті қорғауға құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыста жүргізілген зерттеулер, тексерулер және басқа материалдар негізінде Ф-7 (Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы қадағалау туралы есеп), Ф-8 (Өндірістік жарақат туралы есеп), Ф-16 (Еңбекті қорғау қауіпсіздігі жөніндегі техникалық инспекторлардың жұмысы туралы есеп) нысандары бойынша жұмыс туралы есептер және оларға түсінік хаттар жасайды.

V. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының құқықтары мен міндеттері

Құқықтары

5.1. Кәсіподақ мүшелері жұмыс жасайтын ұйымдарға жұмыс берушілердің еңбекті қорғау туралы заңнаманы қадағалауына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін кедергісіз бару.

5.2. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеруге қатысу.

5.3. Кәсіпорын басшыларынан, лауазымды тұлғалардан және мамандардан еңбекті қорғау, еңбек жағдайы, сондай-ақ өндірістегі барлық жазатайым оқиғалар туралы ақпаратты алу.

5.4. Жұмыс берушілерден (олардың өкілдерінен) бақылау функцияларын орындауға қажетті құжаттарды, түсініктемелерді, ақпаратты сұрату және алу.

5.5. Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясының кәсіподақ мүшелігіне ынталандыруды арттыруға бағытталған еңбекті қорғауға құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысы туралы кәсіподақ мүшелерін, қызметкерлерді ақпараттандыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекет жасау.

5.6. Еңбекті қорғау жөніндегі, соның ішінде халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі кеңестерге, семинарларға қатысу.

Міндеттері

5.7. Еңбекті қорғау туралы заңнаманы қадағалауға кәсіподақ бақылауын жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, жұмыс

берушілер мен олардың өкілдерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қадағалау.

5.8. Өз өкілеттіктерін адал жүзеге асыру, кәсіподақ мүшелерінің, кәсіподақ ұйымдарының әлеуметтік-еңбек және басқа да азаматтық құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғауға жәрдемдесу, әділдік таныту, Кәсіподақ беделін нығайту.

5.9. Кәсіподақ мүшелеріне таза және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде органдарға өтініштер жасауға, өндірістегі жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды тексеру кезінде көмектесу, қажет жағдайда еңбек дауларын шешу жөнінде органдарда олардың мүдделерін білдіру.

5.10. Өндірістік кеңестердің жұмысына қатысу, аталған кеңестердің құрамында қызметкерлер мен кәсіподақтың мүдделерін белсенді қорғау.

5.11. Өз жұмысында өндірістік кеңес туралы, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы Ережені, еңбекті қорғауды басқарудың салалық жүйесі туралы Ережені басшылыққа алу.

5.12. Тексеру нәтижелері бойынша жұмыс берушінің өкіліне еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің анықталған бұзушылықтарын жою жөніндегі Ұсынысты (1-қосымша) тапсырады.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері
салалық қызметкерлері кәсіподағының техникалық еңбек инспекциясы**

**Еңбекті қорғау туралы заңнама нормаларының анықталған
бұзушылықтарын жою туралы 20__ жылғы «__» _____
№_____ ұсыныстар**

Кімге: _____

тегі, аты, әкесінің аты

_____ лауаз
ымы, ұйымның атауы

Көшірмесі: Ұйымның кәсіподақ комитетінің төрағасына

_____ тегі, аты, әкесінің аты

ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасы
Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес, төмендегі бұзушылықтарды жоюды
ҰСЫНАМЫН:

№	Анықталған бұзушылықтар	Бұзушылықты жою мерзімі

Осы Ұсыныстарды қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы
20__ жылғы _____ дейін хабарлауыңыз сұралады.

Кәсіподақтың техникалық еңбек инспекторы _____ Тегі және
аты-жөні.

Ұсыныстарды алды _____ Лауазымы, тегі және аты-
жөні.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

КІРІСПЕ

Білім беру ұйымдарына арналған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (әрі қарай - Әдістемелік ұсынымдар) ҚР Еңбек кодексінің (әрі қарай – ҚР ЕК), ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің талаптары, іске асыру мақсатында қабылданған өзге нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленді және мектепке дейінгі мекемелерге, жалпы білім беретін мектептерге, қосымша білім беру ұйымдарына, колледждерге, жоғары оқу орындарына арналған.

Еңбекті қорғау-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын, еңбек қызметі процесінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі. Білім беру мекемелерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды жалпы ұйымдастыру ҚР ЕК, еңбек инспекциясы жөніндегі басқарманың ведомстволық (салалық), аймақтық (аумақтық), жергілікті органдарының нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғауды ұйымдастыруды басқару тиісті білім беру ұйымдарының басшыларына жүктеледі. Жоғарыда аталған актілер негізінде білім беру ұйымдарының басшысы еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік актілердің негізінде қағидаларды, ережелерді, нұсқаулықтарды және т.б. бекітеді, олардың күнделікті қызмет барысында тиісті деңгейде орындалуын бақылауды қамтамасыз етіп, қажет жағдайда – еңбекті қорғаудың жеке бағыттары (мәселелері) бойынша бұйрықтар (өкімдер) шығарады.

Білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру олардың қызметінің ерекшелігімен және қызметкерлер санымен анықталады.

Білім беру ұйымы құзыретінің саласына, соның ішінде оқушылар (тәрбиеленушілер) мен қызметкерлердің денсаулығын қорғау мен нығайтуға арналған қажетті жағдай жасау жатады.

Білім беру ұйымында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында қызметкерлер мен оқушылардың білім беру қызметі нәтижелеріне қатысты өмірі мен денсаулығының басымдығын мойындау және қамтамасыз ету болып табылатын қызметтің стратегиялық бағыттарын қалыптастырған жөн.

Бұл стратегияны ойдағыдай іске асыру үшін:

- еңбекті қорғау және оқу, экологиялық және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құқықтық базаны тұрақты жаңарту, ғылыми-зерттеу және осы бағыттағы әдістемелік жұмысты күшейту және кеңейту;
- білімді басқарудың барлық деңгейлерінде еңбекті қорғау жөніндегі

жұмысты ұйымдастыру құралдары мен әдістерін жақсарту, еңбекті қорғауды басқару жүйесін енгізуге білім беру мекемелерін экономикалық ынталандырудың тиімді механизмін әзірлеу;

- оқытудың толық қосалқы жүйесін жасау, еңбекті қорғау, экологиялық және өрт қауіпсіздігі саласында біліктілікті арттыру;

- еңбек және оқу жағдайын, жарақаттанудың, кәсіптік және жалпы аурудың алдын алу, қызметкерлермен және оқушылармен жазатайым оқиғаларды болдырмау жөніндегі алдын алу жұмыстарын жақсарту, еңбек және оқу жағдайы мониторингінің жүйесін енгізу;

- еңбекті қорғау қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді дамыту, жұмыс орнында еңбек жағдайын бағалаудың ұйымдастырушылық құрылымы мен техникалық кешенін құру;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымын енгізу қажет.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Әрбір қызметкер қауіпсіздік талаптарына жауап беретін жағдайда еңбек етуге құқылы. Осы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған еңбекті қорғау жөніндегі шараларды қабылдау, сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру – жұмыс берушінің міндеті (ҚР ЕК 23-бап, 182,183, 184,185,186-баптары).

Еңбекті қорғау мен қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешеніне:

- білім беру процесін өткізу кезіндегі қызметкерлердің қауіпсіздігі;
- еңбекті қорғауды басқару жүйесін құру және оның қызметі;
- еңбекті қорғау жөніндегі жергілікті нормативтік актілерді, соның ішінде еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу;

- қызметкерлердің еңбек және тынығу режимі;

- қызметкерлерге санитарлық-тұрмыстық қызмет көрсету және медициналық қамтамасыз ету;

- қызметкерлерді міндетті медициналық тексеру және психиатриялық куәландыру;

- қызметкерлерді еңбекті қорғауға және еңбекті қорғау талаптарын тексеруге үйрету, сондай-ақ алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйрету;

- жеке қорғау құралдарымен қамтамасыз ету;

- еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау;

- жазатайым оқиғаларды тексеру жатады.

Егер жұмыс беруші жұмыскерлердің қауіпсіз еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етпесе, РҚ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 93, 94, 95, 96 – баптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуы да мүмкін (ҚР ҚК 156-бап). Мысалы, егер абайсызда екі немесе одан

да көп адамның өліміне әкеп соққан іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1. Еңбекті қорғау жөніндегі заңнамаға сәйкес өз міндеттерімен және жеке жауапкершілікпен танысу.

Қауіпсіз еңбек жағдайын және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндет жұмыс берушіге жүктеледі және ҚР ЕК 23 және 182 баптарымен реттеледі.

Жұмыс берушіге еңбекті қорғауды кең мағынада, тек құқықтық емес, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, медициналық аспектілерінде қамтамасыз ету жүктеледі.

ҚР ЕК 182-бабымен жұмыс берушінің қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

1. Жұмыс беруші:

1) жұмыскерлерді жұмыс орындарында қолайлы еңбек жағдайларын жасауға жәрдемдескені, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі рационализаторлық ұсыныстары үшін ынталандыруға;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды бұзатын жұмыскерлерді Кодексте белгіленген тәртіппен жұмыстан шеттетуге және тәртіптік жауаптылыққа тартуға;

3) жұмыскерден өндірісте жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі талаптарды мүлтіксіз сақтауды талап етуге;

4) жұмыскерлерді ҚРның заңнамасында немесе жұмыс берушінің актісінде көзделген жағдайларда профилактикалық медициналық қарап-тексеруге өз қаражаты есебінен жіберуге құқығы бар.

2. Жұмыс беруші:

1) кәсіптік тәуекелге бағалау жүргізуге және профилактика жүргізу, өндірістік жабдықтар мен технологиялық процестерді неғұрлым қауіпсіз түрлеріне ауыстыру арқылы оны барынша азайту және болғызбау жөнінде шаралар қолдануға;

2) жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, оларға нұсқау беруді және білімдерін тексеруді өткізуге, сондай-ақ меншікті қаражаты есебінен өндірістік процесс пен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге;

3) жұмыс берушінің актісімен бекітілген тізімге сәйкес, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен, кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда үш жылда бір реттен сиретпей

мерзімділікпен басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыруға;

4) жұмыскерлерге қажетті санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауға, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нормаларға сәйкес жұмыскерлердің арнайы киімі мен аяқкиімін беруді және жөндеуді, оларды профилактикалық өңдеу, жуу және дезинфекциялау құралдарымен, медициналық қобдишамен, сүтпен немесе бірдей тамақ өнімдерімен және (немесе) диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған арнайы өнімдермен, жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен жабдықтауды қамтамасыз етуге;

5) он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын ауыр заттарды тасуына және қозғалтуына жол бермеуге;

6) әйелдердің өздері үшін белгіленген шекті нормалардан асатын заттарды қолымен көтеруіне және жылжытуына жол бермеуге;

7) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тіркеуді, есепке алуды және талдауды жүзеге асыруға;

8) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, жұмыскерлердің өкілдеріне олардың жазбаша сұрау салуы бойынша еңбек жағдайлары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйінің мониторингі үшін қажетті ақпаратты тоқсанына бір рет беруге;

9) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды ҚРның заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;

10) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамаларын және қорытындыларын орындауға;

11) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен қағидаларға сәйкес өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша мерзімдік аттестаттауды жұмыскерлер өкілдерінің қатысуымен бес жылда бір реттен сиретпей өткізуге;

12) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері туралы мәліметтерді бір ай мерзімде жазбаша немесе еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйе арқылы беруге;

13) жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыруға;

14) авариялық ахуалдың өршуін және жарақаттайтын факторлардың басқа адамдарға әсер етуін болғызбау жөніндегі шұғыл шараларды қабылдауға;

15) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды жүзеге асыруға;

16) келісімде, ұжымдық шартта, ҚР-ның заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгерген басқа жұмысқа ауыстырған не кәсіптік аурудың белгілері пайда болған кезде жұмыскерлерді міндетті, мерзімдік (еңбек қызметі барысында) медициналық қарап-тексерулерден және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өз қаражаты есебінен өткізуге;

17) еңбекті қорғауды басқару жүйесін ендіруге және оның жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру әдістерінің бірі:

- қызметкерлер үшін бастауыш кәсіподақ ұйымының сайланбалы органының немесе қызметкердің өзге өкілетті органының пікірін ескеріп, жергілікті нормативтік актілерді қабылдауға арналған ҚР ЕК 16,20-баптарымен белгіленген тәртіпте еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту;

- өз қызметінің ерекшелігіне сәйкес еңбекті қорғау талаптарынан тұратын нормативтік құқықтық актілер кешенінің бар болуы.

Медициналық тексеруге жіберілетін қызметкерлердің кепілдіктеріне қатысты мәселелер бойынша ҚР ЕК 182-бабы 2-т. 17-тармақшасын, 185-бабын басшылыққа алу қажет.

1.2. Еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырушылық нысанын анықтау (еңбекті қорғау қызметін құру, еңбекті қорғау жөніндегі маманды тағайындау).

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жұмыс берушімен жүзеге асыру

ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25-желтоқсандағы №1019 бұйрығымен Қызметкерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқаулықтан өткізу және білімдерін тексеруді жүргізу Қағидасы мен мерзімі бекітілді.

Еңбекті қорғау талаптарын қадағалау, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында әрбір білім беру ұйымында штаттық кесте бойынша еңбекті қорғау қызметі құрылады немесе осы салада сәйкес дайындығы немесе жұмыс тәжірибесі бар еңбекті қорғау жөніндегі маман лауазымы енгізіледі. Аталған жағдайда шешім білім беру мекемесі қызметінің ерекшелігін ескеріп қабылданады.

Егер жұмыс беруші еңбекті қорғау жөніндегі босатылған маман лауазымын енгізу қажет деп таппаса, онда ол тиісті міндетті мекеменің бір қызметкеріне жүктеу қажет (мысалы, қоса атқару жағдайында). Өзге жағдайда жұмыс беруші еңбекті қорғау саласында қызмет көрсететін басқа мамандармен немесе ұйымдармен шарт жасайды.

1.3. Еңбекті қорғау мәселелерімен байланысты мамандар мен қызметкерлерді еңбекті қорғаудың арнайы оқу орталықтарында оқыту және оқуға жіберу.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мамандарды оқыту және дайындау

ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Қызметкерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқаулықтан өткізу және білімдерін тексеруді жүргізу Қағидасы мен мерзімін бекіту туралы» №1019 бұйрығына сәйкес, өткен тексеру өткізу мерзіміне қарамастан, ұйым қызметкерлерінің еңбекті қорғау талаптарын білулеріне тексеру жүргізіледі:

- қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексеру және оқыту жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

- жұмысқа қабылданған тұлғалар жұмыс берушімен ұйымдастырылған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кейін білімдерін тексеретін оқытудан өтеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқудан және білімдерін тексеруден өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

- өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйым қызметкерлерінің тізімін, оқыту жүргізілетін жұмыстар мен кәсіптер тізімін, сондай-ақ оқыту тәртібін, нысанын жұмыс беруші қызметкерлердің өкілдерімен (болған жағдайда) келісім бойынша кәсіп сипатына, жұмыс түріне, өндіріс ерекшелігі мен еңбек қауіпсіздігі жағдайына қарап белгілейді.

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде білімдерін тексеруге жататын қызметкерлер оны өткізуге дейін отыз күнтізбелік күн бұрын жұмыс берушімен ескертіледі.

- жұмыстың, лауазымның, кәсіптің аталған түрі бойынша үш және одан да көп жыл, ал жоғары қауіпті жұмыста бір жылдан артық үзілісі бар қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту мен білімдерін тексеруден өзіндік жұмыс басталғанға дейін өтеді.

- қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды (сабақтар, дәрістер, семинарлар) жұмыс беруші өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда, тиісті саладағы жоғары білікті мамандарды, кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар инженерлік-техникалық қызметкерлерді және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды, нысан бойынша сертификаты бар сол ұйымның қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметін тарта отырып жүргізеді.

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу бағдарламалары аталған ұйымның ерекшелігін ескеріп теориялық және өндірістік оқытуды көздейді және жұмыс берушімен бекітіледі.

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдері бойынша өндірістік оқыту оқу кластарында, шеберханаларда, учаскелерде, цехтарда ұйымның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға жауапты қызметкерлерінің басшылығымен өткізіледі.

- еңбек қауіпсіздігінің заңнамамен белгіленген арнайы талаптары қойылатын жұмыстармен байланысты жеке өндірістерде қызметкерлер қосымша арнайы оқытудан өткізіледі.

- қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша

оқыту еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін (емтихан) тексерумен аяқталады.

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруді, кемінде үш адамнан, төрағасы мен осы Ереженің 8-тармағында көзделген мамандар арасынан комиссия мүшелерінен тұратын жұмыс берушінің бұйрығымен құрылған емтихан комиссиясы жүргізеді.

- емтихан комиссиясы тұрақты негізде жұмыс жасайды.

- емтихан комиссиясының жұмыс тәртібі жұмыс берушінің актісімен белгіленеді.

- қызметкерлердің білімдерін тексеру нәтижелері нысан бойынша хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға емтихан комиссиясының төрағасы және мүшелері қол қояды.

- білімін тексеруден ойдағыдай өткен қызметкерге осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі білімін, ережелерді, нормалар мен нұсқаулықтарды тексеру жөніндегі куәлік беріледі.

- қызметкерлер қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда білімдерін қайта тексеру бір айдан кешіктірілмей белгіленеді. Қызметкер қайтадан оқытудан өткізіліп, білімін тексеруге дейін Кодекстің 48-бабы 2) тармағында көзделген тәртіпте жұмыстан босатылады.

1.4. Басшылардың және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеру және оқытудан өткізіу тәртібі мен мерзімі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жауапты тұлғаларды оқыту

Басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар (әрі қарай – жауапты қызметкерлер), мерзімді, үш жылда кемінде бір рет, оқу орталықтарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытылып, білімдерін тексеруден өткізіледі.

Жұмысқа қабылданған еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар, қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытылып, білімдерін тексеруден өткізіледі.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және білімдерін тексеру күндізгі нысанда немесе «on-line» режимінде желілік технология бойынша қашықтықтан өткізіледі.

Ұйымдарда жауапты тұлғаларды уақытында оқыту және білімдерін тексеруді бақылауды жұмыс беруші жүзеге асырады.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша оқыту мен білімдерін тексеруді ұйымдастыруды еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті орган үйлестіреді.

1.5. Өкімгерлік құжаттарға жауапты лауазымдық тұлғаларды тағайындау, құжаттама жасау.

Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі жергілікті нормативтік актілері

Жұмыс берушінің негізгі міндеті еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласына қатысты актілерді шығару болып табылады. ҚР ЕК, ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңына сәйкес, қызметкерлердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктеріне қатысты жұмыс берушінің кейбір актілері кәсіподақтың немесе қызметкермен өкілетті өзге органның пікірін ескеруді талап етеді.

Жұмыс берушінің актілерінде бірінші кезекте:

- білім беру мекемесі бойынша жалпы қауіпсіз еңбек жағдайына және еңбекті қорғауға, қауіпсіз еңбек өндірісіне жауапты лауазымды тұлға (басшы немесе оның орынбасары);

- мекеменің электр шаруашылығына жауапты лауазымды тұлға және ол болмаған кезде орнын ауыстыратын тұлға;

- еңбекті қорғау жөніндегі салалық ережелер мен нұсқаулықтар және еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарынан тұратын өзге нормативтік актілер талаптарына сәйкес басқа да жауапты тұлғалар тағайындалуы тиіс.

Жұмыс берушінің актілеріне бұйрықтар, өкімдер, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды ұйымдастыру ережелері, басшылар мен мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары (еңбекті қорғау жөніндегі міндеттері мен оларды орындамауға жауапкершіліктерін көрсету), қызметкерлерге арналған және жұмыстың жеке түрлеріне еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар, өртке қарсы режимді қадағалау және өрт кезіндегі адамдардың әрекеті туралы нұсқаулықтар жатады.

1.6. Еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарынан тұратын нормативтік құқықтық актілер тізімін құру.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілері тізімі

Қауіпсіз және таза еңбек жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет білім беру ұйымы қызметінің бағыттары бойынша нормативтік құқықтық актілерінсіз мүмкін емес. Жұмыс беруші ҚР заңдарының және еңбекті қорғау жөніндегі заңнама жүйесіне кіретін, соның ішінде ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31-желтоқсандағы «Іс-әрекет қызметі білім саласы мекемелерінің қызметін қамтитын тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қағидаларын бекіту туралы» №1182 Қаулысымен анықталған өзге нормативтік құқықтық актілер тізімін құру қажет.

1.7. Орындалуы кезінде қызметкерлерге жеке қорғау, жуу және (немесе) залалсыздандыру құралдарын тегін беру қажет кәсіптер мен жұмыс түрлерін анықтау.

Қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен, гигиеналық құралдарымен қамтамасыз ету

ҚР ЕК 23 және 182-баптарына сәйкес, жұмыс беруші жеке қаражаты есебінен қызметкерлерді сертификатталған арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және өзге де жеке қорғау құралдарымен, жуу және залалсыздандыру құралдарымен ҚР Үкіметімен белгіленген тәртіпте бекітілген норма бойынша қамтамасыз етуге міндетті. Ол үшін алдын ала аталған құралдардың тегін берілуі көзделген тиісті кәсіптер мен жұмыс түрлерінің тізімдерін дайындап, бекіту қажет.

Тізім ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 8-желтоқсандағы «Алуан түрлі экономикалық қызмет ұйымдарының жұмыскерлеріне арнайы киімді және басқа да жеке қорғаныш құралдарын беру нормаларын бекіту туралы» №943 бұйрығы негізінде жасалып, онда нақты кәсіптер, арнайы киім түрлері, сондай-ақ оларды кию және жарамсыздық жағдайында есептен шығару мерзімі көрсетіледі.

1.8. Жұмысқа қабылдау кезінде алдын ала және мерзімді медициналық тексеру көзделген қызметкерлер контингентін анықтау.

Медициналық тексерулердің түрлері мен мерзімдері.

ҚР 2020 жылғы 7-шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 85-бабының 4 және 6-тармақтарына, ҚР ЕК 185-бабына сәйкес зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын қызметкерлер санаты анықталып, оларға жұмыс беруші өз қаражаты есебінен міндетті алдын ала (жұмысқа қабылдау кезінде) және мерзімді медициналық тексеру өткізуді ұйымдастыруға міндеттеленіті көрсетілген. Міндетті медициналық тексеруден өту қажеттілігі қызметкерлердің тапсырылған жұмысты орындауы үшін (жұмысқа жіберу) жарамдылығын (денсаулық жағдайының сәйкестігін анықтау) анықтау үшін, сондай-ақ халық денсаулығын қорғау, кәсіптік аурулардың алдын алу (немесе анықтау) мақсатында белгіленді.

Міндетті мерзімді медициналық тексеру (әрі қарай-мерзімді тексеру) жұмысшылардың денсаулық жағдайын динамикалық қадағалауды қамтамасыз ету, аурудың бастапқы белгілерін уақытында анықтау, жалпы, кәсіптік аурулардың алдын алу, жұқпалы және паразитарлық ауруларды таратпау мақсатында жүргізіледі.

Мерзімді тексерулерді өткізу мерзімділігі:

- 1) жыл сайынғы мерзімді тексеру- жылына 1 рет;
- 2) ауысымалды медициналық куәландыру – жұмыс ауысымы басталар алдында 1 сағат ішінде;

3) рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық тексеру – рейс басталар алдында 30 минут ішінде және рейс аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде жүргізіледі.

Зиянды өндірістік факторлармен жұмыс жасайтындарды мерзімді тексеруден өткізу кезінде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласында мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (соның ішінде көліктегі):

1) медициналық тексерудің толық қамтылуын, сапасын және уақытында өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

2) қызметкерлердің медициналық тексеру нәтижелерін қорытуға қатысады;

3) қызметкер жұмыс жасайтын ұйымға (кәсіпорынға) қызмет көрсететін медициналық ұйымның;

- қызметкердің бекітілген орны бойынша медициналық ұйымның;

- кәсіптік патология бойынша арнайы көмек көрсететін медициналық ұйымның;

- қызметкерге жұмыс ұсынған жеке және заңды тұлғалардың

сұранысы бойынша еңбек жағдайының санитарлық-эпидемиологиялық сипаттамасын ұсынады.

1.9. Еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті өндірістерді, кәсіптер мен лауазымдарды бөлу, оларда жұмыс істеу кепілдіктер мен өтемақылар құқығы.

Жұмыс істеу кепілдіктері мен өтемақылар беруге құқық беретін еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті өндірістердің, кәсіптер мен лауазымдардың тізбесін айқындау.

Білім беру ұйымдарының қызметін жоспарлай отырып, жұмыс беруші кепілдіктер мен өтемақылар белгілеу жөнінде заңнама талаптарын ескеру қажет. Өндірістік қызметі зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларымен байланысты жұмыскерлер жоғарылатылған мөлшердегі еңбекақыға, жеңілдікпен зейнетақылық қамтамасыз етуге, қосымша еңбек демалысына, қысқартылған жұмыс күніне, тегін сүтке және соған тең азық-түлікке немесе емдеу-профилактикалық тамақтануға құқылы.

Жұмыс беруші жоғарыда аталған өндірістер, кәсіптер тізбесін ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы «Ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін, жұмыс істеу жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысына және еңбекке ақы төлеудің жоғарылатылған мөлшеріне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, сондай-ақ оларды беру қағидаларын бекіту туралы» № 1053 бұйрығы негізінде жасауы қажет.

Жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары жұмыс орындарында арнайы бағалау нәтижелері бойынша еңбек жағдайлары зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайларына жатқызылған жұмыскерлерге

ұсынылады. Мұндай еңбек демалысының ұзақтылығы кемінде күнтізбелік алты күн болады (ҚР ЕК 89-бап 1-т.).

1.10. Қызметкерлер үшін еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу.

ҚР ЕК 16-бабына және ҚР «Кәсіподақтар туралы» Заңына сәйкес, жұмыс беруші қызметкерлердің өкілетті органының (кәсіподақтың) пікірін ескере отырып, қызметкерлер үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеп, бекітуге міндетті. Мұндай нұсқаулықтар қызметкерлер үшін олардың өндірістік үй-жайларда, жұмыс орындарында, аумақта және жұмыс жасалып немесе қызметтік міндеттер орындалатын өзге орындарда жұмыстар орындауы кезінде еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды белгілейтін нормативтік құжат болып табылады.

Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу алдында, кәсіптер мен жұмыс түрлеріне қарай мекемедегі қолданыстағы еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық тізбесін жасау қажет. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық, әдетте, ҚР тиісті уәкілетті органдарымен бекітілген еңбекті қорғау жөніндегі үлгілі нұсқаулықтар негізінде әзірленеді.

Қолданысқа енгізілетін жаңа объектілер үшін технологиялық процестерді (жұмыстарды) қауіпсіз енгізуді және жабдықтарды қауіпсіз қолдануды қамтамасыз ететін қызметкерлер үшін еңбекті қорғау жөніндегі уақытша нұсқаулықтарды әзірлеуге жол беріледі. Уақытша нұсқаулықтарды әзірлеуге қызметкерлер үшін тұрақты нұсқаулықтар әзірлеу кезінде де қолданылатын талаптар қойылады.

Жұмысқа қайта қабылданғандардың бәрімен кіріспе нұсқамалық өткізу үшін жұмыс беруші **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз еуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» №1019 бұйрығында** келтірілген үлгілі сұрақтар тізбесіне сәйкес кіріспе нұсқамалық өткізу нұсқаулығын (бағдарламасын) әзірлеуге міндетті.

2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕГІ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Білім беру ұйымдарында қауіпсіз жұмысты іске асыру жөніндегі іс-шаралар тиімділігін қамтамасыз ету үшін, еңбек заңнамасына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құру қажет.

1.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құру, мақсаттары, міндеттері

ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі

туралы Үлгілі ережені бекіту туралы» №1020 бұйрығына сәйкес, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметі **(әрі қарай-Қызмет) саны елуден астам қызметкері бар өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда құрылады.**

Қызмет өз жұмысында мемлекеттік еңбек инспекциясымен, басқа да мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен, білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерімен және мамандарымен, қызметкерлер өкілдермен, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлармен өзара әрекет етеді.

Қызметтің негізгі міндеттері:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар өткізу;

2) білім беру мекемелерінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілер талаптарын қадағалуына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыру.

Қызметтің негізгі құқықтары:

1) өндірістік, тұрмыстық және басқа да үй-жайларға кедергісіз барып, тексереді;

2) білім беру ұйымдарында қауіпсіз және таза еңбек жағдайларын жасау, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қараларды әзірлеу мен орындауға бақылауды жүзеге асырады;

3) білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы тапсырмаларды орындауға береді.

Қызметтің негізгі міндеттері:

1) ай сайын ұйымдағы өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың жағдайы мен себептеріне талдау жасап, олардың алдын алу жөнінде іс-шаралар әзірлейді;

2) жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз еуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді және білімін тексеруді ұйымдастырады;

3) ұйымдағы өндірісте жазатайым оқиғаларды тексеру тәртібін қадағалауды қамтамасыз етеді.

Қызмет білім беру ұйымдарының бірінші басшысына немесе өкілетті тұлғаға тікелей бағынады. Қызметті білім беру ұйымдарының бірінші басшысы тағайындаған басшы басқарады.

Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы Ережені әзірлеп, бекітеді, өндіріс ерекшелігін, қызметкерлер санын, еңбек жағдайын, өндірістегі зияндылық пен басқа да факторларды ескеріп, оның құрылымын, санын, негізгі міндеттерін, функциясын анықтайды.

Қызмет басшысы өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі комиссия мүшесі болып табылады және жазатайым оқиға туралы актіге қол қояды.

Қызмет негізгі міндеттерге сәйкес келесі функцияларды орындайды:

1) құрылымдық бөлімшелерден Қызмет құзыреттілігіне қатысты мәселелер бойынша ақпарат пен материалдарды сұратып алады;

2) еңбек қауіпсіздігі жағдайын қадағалап, еңбекті қорғауды басқару жүйесін әзірлеуді, енгізуді және тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді;

3) басшылыққа қауіпсіз және таза еңбек жағдайын жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеп, енгізеді;

4) қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту бағдарламасын және оқытуға қатысуды келіседі;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін талқылау кезінде ұжымдық шарттарды жасау жөніндегі келіссөздерге қатысады;

6) өндірістік мақсатта құрылған нысанды қолдануға қабылдауға қатысады;

7) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік техникалық құжаттармен қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кабинеттерін қажетті оқу құралдарымен, макеттермен, анықтамалық әдебиетпен, плакаттармен, техникалық құралдармен жабдықтау жөнінде шаралар қабылдайды;

8) кәсіпорын басшысының тапсырмасы бойынша қызмет құзыреттілігіне қатысты мәселелер бойынша қызметкерлердің хаттарын, арыздары мен өтініштерін қарайды;

9) кәсіптік аурулар мен өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуге, сондай-ақ мүгедектер үшін оңалту шараларын әзірлеуге қатысады;

10) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөнінде бөлімшелерге әдістемелік көмек көрсетеді;

11) Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қатысты мемлекеттік еңбек инспекциясы органдары мен өзге де мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарының шешімдерін орындауға;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді, нормаларды, стандарттарды енгізуге;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша ұйым басшысының бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау кабинеттерінің жұмысын ұйымдастыруға және озық жұмыс тәжірибелерін енгізуге;

- арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғаныш құралдарын сатып алу, сақтау, жуу, химиялық тазарту, кептіру, залалсыздандыру және жөндеуді ұйымдастыруды, қызметкерлерді ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге;

- тиісті қызметтердің жабдықтардың, машиналар мен механизмдердің қажетті сынақтар мен техникалық куәландырудан уақытында өткізілуін, қауіпті және зиянды өндірістік факторлар параметрлерін өлшеу кестелерін қадағалауға;

- өндіріс барысында, сондай-ақ қайта жаңғыртылатын өндірістік объектілердің жаңа жобаларында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы нормалар, ережелер мен нұсқаулықтарды қадағалауға ішкі бақылауды жүзеге асырады.

12) жұмыс берушімен келісім бойынша (немесе оның рұқсатымен) мемлекеттік еңбек инспекциясына қағаз және электрондық тасымалдағыштармен ақпараттар, мәліметтер, белгіленген есептер немесе өзге де құжаттарды болмаса олардың мақсаттарына сәйкес көшірмелерін ұсынады;

13) білім беру ұйымдарыназиянды және ауыр еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын, мерзімді медициналық тексеруден өтуге тиіс тұлғалардың атаулы тізімін жасауға әдістемелік көмек көрсетеді;

14) басқа қызметтермен бірлесіп еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады.

2.2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалық өткізу

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулыққа қатысты негізгі ережелер **ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз еуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» №1019 бұйрығымен бекітілген.**

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз еуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдері ҚР ЕК 16-бабы 30)-тармақшасына сәйкес әзірленген және жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз еуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін анықтайды.

Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша белгіленген тәртіпте оқыту мен нұсқау беруден өтпеген адамдарды жұмысқа жібермеуі тиіс. Өзі немесе өкілетті тұлға оларды ұйымдастыруы керек.

Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамалық қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі талаптарына қысқаша мерзімде оқыту шарасын білдіреді. Өткізу сипаты мен уақытына қарай нұсқамалықтар кіріспе, жұмыс орнындағы бастапқы, қайталау, жоспардан тыс, мақсатты болып бөлінеді.

2.3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөнінде Өндірістік кеңесті құру

ҚР ЕК 203-бабына сәйкес білім беру мекемелерінде **еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөнінде Өндірістік кеңестер (әрі қарай-Өндірістік кеңес) құрылуы мүмкін.** Білім және ғылым ұйымдарында Өндірістік кеңес туралы Ереже әзірленіп, бекітілді.

Қазіргі таңда «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің

кәсіподағы» ҚБ білім және ғылым ұйымдарында өндірістік кеңес туралы Ереже әзірленді.

Өндірістік кеңес туралы үлгілі ереже ҚР ЕК сәйкес, еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу, қызметкерлердің денсаулықтарын сақтау жөнінде жұмыс берушінің, қызметкерлердің, кәсіподақ органдарының бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

Өндірістік кеңес білім беру мекемесі басшысының және (немесе) кәсіподақ комитетінің жазбаша ұсынысы бойынша құрылады.

Өндірістік кеңес құрамына тең негізде жұмыс беруші өкілдері, қызметкерлер өкілдері кіреді. Өкілдік саны тараптар келісімен анықталады. Тараптардың әрқайсысы өз өкілін Өндірістік кеңес құрамынан орнын ауыстырып шақырып алуға құқылы. Өндірістік кеңес құрамына қызметкерлер атынан міндетті түрде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор қосылады.

Өндірістік кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдерін тағайындау ұйым басшысының бұйрығымен жасалады, қызметкерлер өкілдерін тағайындау кәсіподақ комитетінің шешімімен жүзеге асырылады.

Өндірістік кеңесті аталған кеңес мүшелері қатарынан кеңес мүшелерімен сайланған төраға басқарады, сондай-ақ кеңес мүшелері хатшыны сайлайды.

Өндірістік кеңес жұмысы әлеуметтік әріптестік принциптерімен құрылады. Өндірістік кеңес шешімдері жұмыс беруші мен қызметкерлер үшін міндетті болып табылады.

Өндірістік кеңес өз қызметінде ҚР заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, барлық деңгейлердегі әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерді, ұжымдық шарттарды, жұмыс берушінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері жөніндегі жергілікті актілерін басшылыққа алады.

Өндірістік кеңес мемлекеттік еңбек инспекциясымен, сондай-ақ кәсіподақтың техникалық еңбек инспекциясымен өзара әрекет етеді, өз қызметін төрағамен бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Өндірістік кеңес мүшелері кеңестің жұмыс жоспарымен міндеттерін орындауы кезінде, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі оқытудан өту кезінде, жұмыс берушінің шешімі бойынша жалақысын сақтай отырып, негізгі жұмысты орындаудан босатылады.

Өндірістік кеңес жылына кемінде бір рет еңбек ұжымына жалпы жиналыста жасалынған жұмыс туралы есеп береді.

Өндірістік кеңестің негізгі міндеттері:

1) Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша ұйымдастырушылық және өзге де шараларды келісу. Еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі келешектегі және ағымдағы жоспарларын әзірлеу.

2) Тараптардың қызметкерлерді жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау, денсаулыққа зиян келтіру тәуекелі туралы, қызметкерлерге

зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыс үшін тиісті өтемақы, жеке қорғаныш құралдары туралы хабарлауына жәрдемдесу.

3) Жұмыс орындарындағы еңбекті қорғау және еңбек жағдайын тексеруді ұйымдастыру мәселелерін келісу, жұмыс берушіге тексеру нәтижелері бойынша, еңбекті қорғау мен еңбек жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар дайындау.

4) Жұмыс берушіге еңбекті қорғау, жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуды ұйымдастыруға, сондай-ақ еңбекті қорғау талаптарын тексеруді ұйымдастыруға және белгіленген тәртіпте еңбекті қорғау нұсқаулықтарын өткізуге жәрдемдесу.

Өндірістік кеңестің негізгі қызметтері:

1) Жұмыс берушінің, қызметкерлердің еңбекті қорғау мен еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі нұсқамаларын тұжырымдау мақсатында ұсыныстарын қарау.

2) Қызметкерлерді еңбекті қорғау және еңбек жағдайын жақсарту, өндірістік жарақаттану, кәсіптік аурулардың алдын алу жөнінде өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттандыру.

3) Қызметкерлерді жуу және залалсыздандыру құралдарымен, арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету, оларды сақтау, жуу, тазалау, жөндеу, дезинфекциялау және залалсыздандыруды ұйымдастыру жөніндегі қолданыстағы нормативтер туралы ақпараттандыру.

4) Жұмысқа қабылдау кезінде міндетті мерзімді және міндетті мерзімді медициналық тексерулерді өткізуді ұйымдастыруға және медициналық тексеру нәтижелерін есепке алуға жұмыс берушіге жәрдемдесу.

5) Зиянды (қауіпті) еңбек жағдайында жұмыс жасайтын қызметкерлерге белгіленген тәртіпте сүтті және басқа да бағасы бірдей азық-түліктің, емдеу-профилактикалық тамақтанудың уақытында тегін берілуіне жәрдемдесу.

6) Еңбекті қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру, өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, сондай-ақ өндірістік жарақаттану мен кәсіптік ауруларды қысқарту жөнінде есерту шараларына бағытталған құралдардың жұмсалуына бақылауды жүзеге асыруға жәрдемдесу.

7) Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру, еңбекті қорғау ережелерінің талаптарын адал орындайтын қызметкерлерді ынталандыру жөнінде жұмыс берушіге ұсыныстар дайындап, беру.

8) Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жергілікті актілер жобалары бойынша ұсыныстар дайындау, аталған жобаларды әзірлеу мен қарауға қатысу.

Өндірістік кеңестің құқықтары:

1) Жұмыс берушіден жұмыс орындарындағы еңбек жағдайы, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулар, қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың болуы және олардың әсер етуінен қорғау жөнінде қабылданған шаралар, денсаулыққа зиян келтіру тәуекелі туралы ақпараттар алу.

2) Отырыстарда қызметкерлерді жұмыс орындарында еңбекті қорғау және қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету және олардың еңбекті қорғауға кепілдіктері мен құқықтарын қадағалау мәселелері бойынша жұмыс беруші мен оның өкілдерінің, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың хабарламаларын тыңдау.

3) Отырыстарда лауазымды тұлғалар мен еңбекті қорғау талаптарын бұзған қызметкерлерді тыңдау, жұмыс берушіге оларды ҚРның заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізу.

4) Өндірістік кеңестің құзыреттілігіндегі мәселелер бойынша еңбекті қорғау жөнінде ұжымдық шарттың (келісімнің) бөліміне ұсыныстар дайындауға қатысу.

5) Жұмыс берушіге еңбекті қорғау мен еңбек жағдайын жақсарту жөнінде іс-шараларға белсенді қатысуға ынталандыру туралы ұсыныстар енгізу.

6) Еңбекті қорғау туралы заңнаманы қолдануға, еңбек жағдайын өзгертуге, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында жұмыс жасайтын қызметкерлерге заңнамамен көзделген кепілдіктер мен өтемақыларды ұсынумен байланысты еңбек дауларын шешуге қатысу.

2.4. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік ауруларды тексеруді және есепке алуды ұйымдастыру

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды міндетті тергеп-тексеру ҚР ЕК 186-190 баптарында көзделген, сондай-ақ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 жылғы 28-желтоқсандағы «Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы» № 1055 бұйрығында нақты айтылған. Жоғарыда аталған бұйрықпен құжаттардың келесі нысандары анықталды:

1) еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиға туралы хабарлама нысаны;

2) еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру актісінің нысаны;

3) еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаны арнайы тергеп-тексеру актісінің нысаны;

4) еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиға туралы актінің нысаны;

5) еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру мәселелері бойынша мемлекеттік еңбек инспекторы қорытындысының нысаны;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қадағалауға жауапты лауазымды тұлғалар мен оқиға куәгерлерінен сұрау хаттамасының нысаны;

7) еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаларды және өндірістегі денсаулықты өзге де зақымдауларды тіркеу журналының нысаны.

2.5. Өндірісте зақымданғандарға алғашқы көмекті ұйымдастыру

Әрбір маманның және қызметкердің алғашқы көмек көрсете білуі ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2020 жылғы 15-желтоқсандағы «Медициналық білімі жоқ, соның ішінде алғашқы көмек

көрсетудің тиісті дайындығы мен Стандартынан өткен тұлғалардың алғашқы көмек көрсету Ережелерін бекіту туралы» № ҚР ДСМ-269/2020 бұйрығының талаптарымен көзделген.

Медициналық білімі жоқ, соның ішінде тиісті дайындықтан өткен тұлғалар, Ережеде көрсетілген жағдайда зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсетеді.

Медициналық білімі жоқ тұлғаларды алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйрету симуляциялық жабдықтар тізбесін қолданып, алғашқы көмек көрсету дағдыларына үйрету үшін теориялық дайындық және тәжірибелік жаттығулар түрінде өткізіледі.

Алғашқы көмек курстарынан міндетті өтуге тиіс медициналық білімі жоқ тұлғалар контингенті:

1) халықпен өзара іс-әрекетпен байланысты шұғыл және өзге де қызметті жүзеге асыратын ішкі істер органдарының қызметкерлері;

2) ҚР Қарулы күштер, қауіпсіздіктің ұлттық немесе мемлекеттік қызмет органдарының, ұлттық гвардия әскерінің әскери қызметшілері;

3) өртке қарсы қызмет жұмыскерлері;

4) авариялық-құтқару қызметінің құтқарушылары;

5) ауа, су және теміржол көлігі экипаждарының мүшелері;

6) қоғамдық автокөлік құралдарының барлық түрлерінің жүргізушілері;

7) ведомстволық және жеке күзет ұйымдарының қызметкерлері;

8) білім беру ұйымдарының қызметкерлері (оқу орындарының барлық түрлерінің оқытушылары, мектепке дейінгі және оқу-тәрбие мекемелерінің қызметкерлері);

9) қауіпті өндірістік объектілер қызметкерлері;

10) медициналық білімі жоқ денсаулық сақтау ұйымдарының қызметкерлері.

Ұйым (кәсіпорын) қызметкерлерін зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсетуге оқытуды жұмыс беруші қамтамасыз етеді. Алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту бюджет қаражаты, жұмыс беруші қаражаты немесе ҚР азаматтарының жеке қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Жұмысқа қайта қабылданатын тұлғалар жұмыс берушімен (немесе оның өкілетті тұлғасымен) белгіленген мерзімде, жұмысқа қабылданғаннан кейін бір айдан кешіктірілмей зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету бойынша оқытылады. Оқыту тиісті лицензиясы бар оқу орталығында өткізіледі болмаса жұмыс беруші оқытудың көшпелі циклын ұйымдастырады.

Медициналық білімі жоқ тұлғаларды алғашқы көмек көрсету дағдыларына дайындау 3 жылда бір рет мерзімділікпен өткізіледі.

Алғашқы көмек көрсететін тұлға алғашқы көмек көрсету үшін қауіпсіз жағдайды бағалау және қамтамасыз ету жөнінде келесі шараларды өткізеді:

1) өз өмірі мен денсаулығы үшін қатер төндіретін факторларды анықтау;

2) зардап шегушінің өмірі мен денсаулығы үшін қатер төндіретін факторларды анықтау;

3) өмір мен денсаулық үшін қатер төндіретін факторларды жою;

4) зардап шегушіге қатер төндіретін факторлар әрекетін тоқтату;

5) зардап шегушілер санын бағалау;

6) зардап шегушіні ауыстыру.

Алғашқы көмек көрсететін тұлға келесі критерийлер бойынша зардап шегушінің жағдайын бағалауды жүргізеді:

1) зардап шегушінің өміріне қауіп төндіретін қан кету болуын анықтау;

2) ес-түсін анықтау;

3) тыныс алуын анықтау.

Алғашқы көмек көрсететін тұлға жедел медициналық көмек бригадасын және қажет жағдайда жедел жауап қайтарудың басқа да қызметтерін шақырып, зардап шегушінің сөзінен келесі деректерді береді:

1) зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты (болса), жасы мен жынысы;

2) зардап шегушінің жағдайы және жазатайым оқиға, жарақат немесе ауру жағдайы бойынша деректер;

3) мекенжайы мен телефоны, сондай-ақ зардап шегушінің тұратын жеріне жету бойынша болжалды деректер.

2.6. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз ету

Еңбекті қорғау талаптарын орындау мекеменің барлық персоналының үйлесімді жұмысына қол жеткізеді. Білім беру ұйымдарының басшысы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың барлық кешенін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге әрбір қызметкер еңбекті қорғау саласындағы жауапкершілікке өз үлесін қосады. Кепілді құқықтармен қатар ол еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды, нормалар мен ережелерді қадағалау жөнінде нақты міндеттерге де ие болады.

ҚР ЕК 22-бабына сәйкес келісімдер мен ұжымдық шарттарда белгіленген ережелерде әрбір қызметкер:

- еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін жұмыс орнына;

- еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыруға;

- еңбекті қорғау талаптарын бұзу салдарынан өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, ҚР заңнамасымен көзделген жағдайларды есептемегенде, жұмысты орындаудан бас тартуға;

- жұмыс берушінің қаражаты есебінен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуге;

- жұмыс берушінің қаражаты есебінен еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуға;

- еңбекті қорғау талаптарын бұзушылық салдарынан жұмыс орнын тарату жағдайында жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіби қайта даярлауға;

- еңбекті қорғау мәселелері бойынша ҚРның мемлекеттік билік органдарына, жергілікті атқарушы билік органдарына, жұмыс берушіге, жұмыс берушілер бірлестігіне, сондай-ақ кәсіподақтарға, олардың бірлестіктеріне және өзге де қызметкерлермен уәкілетті өкілетті органдарға өтініш жіберуге;

- аталған медициналық тексеруден өту кезінде оның жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтай отырып, медициналық ұсыныстарға сәйкес кезектен тыс медициналық тексеруге;

- егер ол ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын болса, заңмен, ұжымдық шартпен, келісіммен, еңбек шартымен белгіленген өтемақыларға құқылы.

Еңбек шартымен көзделген еңбек жағдайлары қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарына сай болуы тиіс.

Қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, ҚР заңнамасымен көзделген жағдайды қоспағанда, жұмысты орындаудан бас тартқан кезде, жұмыс беруші қызметкерге мұндай қауіпті жою уақытына басқа жұмысты ұсынуға міндетті.

Егер қызметкерге дәлелді себептермен басқа жұмысты ұсыну мүмкін болмаса, қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіпті жойғанға дейін жұмыстың бос тұрып қалу уақыты ҚР ЕК және ҚР өзге де заңдарына сәйкес төленеді.

Қызметкерді белгіленген нормаларға сәйкес жеке және ұжымдық қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етпеген жағдайда, жұмыс берушінің қызметкерден еңбек міндеттерін орындауды талап етуге құқығы жоқ және осы себеп бойынша жұмыстың бос тұрып қалу уақытын ҚР ЕК сәйкес төлеуге міндетті.

Қызметкердің қауіпсіз еңбекке мемлекетпен кепілденген құқығынан басқа ҚР ЕК 22-бабына сәйкес келісімдер мен ұжымдық шарттарда бекітілген ережелерде қызметкер:

- жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария жөніндегі талаптарды сақтауға;

- еңбек міндеттерін келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындауға;

- еңбекті қорғау жөнінде жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне, өндірістегі жазатайым оқиға кезінде алғашқы көмек көрсетуге оқытуға, еңбекті қорғау жөнінде нұсқамалықтан, жұмыс орнында тағылымдамадан өтуге, еңбекті қорғау талаптарын білулерін тексеруден өтуге;

- өзінің тікелей немесе жоғарғы басшысын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген жағдай туралы, өндірісте болған әрбір жазатайым оқиға туралы немесе өз денсаулық жағдайының нашарлауы, соның ішінде өткір кәсіптік аурулар (улану) белгілері туралы шұғыл хабарлауға;

- міндетті алдын ала (жұмысқа қабылдау кезінде) және мерзімді (ебек қызметі кезінде) медициналық тексерулер өтуге міндетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдістемелік ұсынымдардың материалы практикалық аспектілердің жағдайын анықтауға, Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында еңбекті қорғауда бастапқы ұстанымдарды алуға бағытталған.

Кәсіподақпен жасалған Бас, Салалық, Аймақтық келісімдер, әсіресе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында әлеуметтік кепілдіктер болып табылады.

Әдістемелік ұсынымдарда қолданыстағы заңнамаға сәйкес еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру мен өткізу бойынша негізгі іс-әрекеттер көрсетілген. «Мемлекет-жұмыс беруші-қызметкер» жүйесіндегі жаңа әлеуметтік, экономикалық және еңбек қатынастары өзара қарым-қатынас субъектілеріндегі әрқайсысының ортақ жауапкершілігін көздейді.

Мемлекет барлық тараптардың мүдделерін ескеретін әлеуметтік-экономикалық саясаттың кепілі, реттеушісі және үйлестірушісі болып табылады.

Ол еңбекке жарамды азаматтардың кәсіби тәуекелден әлеуметтік қорғалуына, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелеріне жауап береді.

Жұмыс беруші қызметкерлердің еңбек қызметіндегі кәсіптік тәуекеліне, өндірісті ұйымдастыруға, қызметкерлердің еңбекті қорғау және денсаулықтарын сақтауды қамтамасыз етуге жауап береді.

Қызметкерлер өз бетінше және өздерінің өкілетті органдары, Кәсіподақтар арқылы еңбек заңнамасының механизмдеріне, әлеуметтік қорғау деңгейіне ықпал етіп, еңбек қауіпсіздігіне дербес жауап береді.

**Учебно-методический центр Казахстанского отраслевого профсоюза
работников просвещения, науки и высшего образования**



**Методические рекомендации по
организации правовой работы и БиОТ**

г. Астана, 2023 год

СОДЕРЖАНИЕ

№	Наименование публикаций	Стр.
1	Инструкция по организации общественного контроля за исполнением трудового законодательства в членских организациях ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки»	61
2	Об обязательном социальном медицинском страховании	80
3	Гигиеническое обучение декретированной группы населения и порядок его проведения	83
4	Справка к Концепции безопасного труда в Республике Казахстан до 2030 года	85
5	Положение о технической инспекции труда Казахстанского отраслевого профессионального союза работников просвещения, науки и высшего образования	88
6	Методические рекомендации по безопасности и охране труда для организаций образования	95

Утверждена
Постановлением Исполнительного
Комитета Казахстанского отраслевого
профессионального союза работников
образования и науки
№ 13, п. 5, от 22 июня 2021 г.

ИНСТРУКЦИЯ

по организации общественного контроля за исполнением трудового законодательства в членских организациях ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки»

1. Общие положения

1. Настоящая Инструкция по проведению проверок организации образования по соблюдению трудового законодательства, выполнению условий коллективных договоров и соглашений (далее – Инструкция) разработана на основании Трудового кодекса Республики Казахстан (далее – Трудовой кодекс РК), Закона Республики Казахстан «О профессиональных союзах» (далее – ЗРК «О профессиональных союзах»), других нормативных правовых актов, а также в соответствии с Отраслевыми соглашениями о социальном партнерстве по установлению условий труда, занятости и социальных гарантий для работников сферы образования и науки на отраслевом уровне.

2. Инструкция определяет порядок проведения общественного контроля организаций образования по соблюдению трудового законодательства, выполнению условий коллективных договоров и соглашений работниками профсоюзных органов, а также примерный перечень вопросов, подлежащих изучению при проведении контроля.

3. Общественный контроль в форме проверок соблюдения трудового законодательства проводится с целью:

- выявления нарушений трудового законодательства, случаев невыполнения условий соглашений и коллективных договоров в организациях образования;
- предупреждения нарушений прав и законных интересов работников организаций образования;
- обеспечения защиты социально-трудовых прав и законных интересов работников, являющихся членами профессионального союза;
- принятия мер по восстановлению нарушенных прав работников организаций образования и привлечению виновных лиц к ответственности за нарушения трудового законодательства.

2. Планирование и порядок проведения проверок

4. Работа профсоюзных органов по проверке соблюдения трудового законодательства ведется по плану. Мероприятия этого плана распределяются между работниками правовой профсоюзной инспекции труда, а при их отсутствии между членами профсоюзного органа, планирование осуществляется поквартально и утверждается на заседании профоргана. Планы мероприятий по проверкам могут координироваться с планами работы государственной инспекции труда, органов управления в сфере образования, а также других государственных органов надзора и контроля.

5. По истечению каждого квартала подводятся итоги работы профсоюзного органа, анализируются полученные результаты и намечаются задачи на будущее. Итоги проверок по соблюдению трудового законодательства обсуждаются на заседаниях коллегиальных профсоюзных органов, а также, могут обсуждаться на совещаниях либо совместных с органами государственного надзора и контроля заседаниях, коллегиях.

6. В целях обеспечения учета проводимых проверок по соблюдению трудового законодательства ведется журнал учета мероприятий по контролю. *(Приложение 1)*. В журнале учета мероприятий по контролю производится запись о проведенном мероприятии по контролю, содержащая сведения о лицах, осуществивших проверку, о дате, времени проведения мероприятия по контролю, о правовых основаниях, целях, задачах и предмете мероприятия по контролю, о выявленных нарушениях, о составленных и выданных предложениях руководителям организации по устранению выявленных нарушений.

7. Проверки соблюдения трудового законодательства, проводятся на основании соглашений о социальном партнерстве и коллективных договоров и оформляются постановлением либо письменным поручением выборных профсоюзных органов или руководителя профсоюзного органа. *(Приложение 2)*.

8. В постановлении либо в поручении о проведении проверки указываются:

- номер и дата постановления, поручения о проведении проверки;
- наименование органа, по поручению которого производится проверка;
- фамилия, имя, отчество и должность лица (лиц), уполномоченного на проведение проверки;
- наименование юридического лица, в котором производится проверка;
- сроки, цели, задачи и предмет проверки;
